

# Цифрлы экономикадағы Қазақстан туризмінің жағдайы

<sup>1</sup>**БОРБАСОВА Зияда Назибековна**, э.ф.д., профессор, borbasova@mail.ru,

<sup>1</sup>**\*ОМАРОВА Айғаным Сапарқызы**, докторант, aiganym128@mail.ru,

<sup>1</sup>**УЛАКОВ Назар Сайранович**, э.ф.к., доцент, nazar-123@mail.ru,

<sup>1</sup>Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Академическая көшесі, 9, Қарағанды, Қазақстан,

\*автор-корреспондент.

**Аңдатпа.** Туризм саласы әлемде экономиканың ең табысты салаларының бірі болып саналады және жыл сайын оның ел экономикасына ықпалы артып келеді. Соңғы кездері туристік бизнестің дамуына интернет-технологиялар үлкен әсер етті және жиі дүниежүзілік желіде туристік индустрияның, туристік фирмалардың, агенттіктердің, сонымен қатар санаторийлер, пансионаттар, қонақ үйлер дамуына арналған әртүрлі сайттарды (веб-беттерді) табуға болады. Цифрлық туризмнің дамуын бүгінгі таңда әлемдік қауымдастықты әртүрлі портативті техникалық құралдарсыз елестету мүмкін емес. Мақалада цифрлық экономика жағдайында туризм саласын дамытудың кейбір тенденциялары қарастырылады. Қазақстан Республикасының аумағында туризмді дамыту туристік ағынды ұлғайту сияқты бірқатар маңызды міндеттерді шешеді, бұл ақша ағынының ұлғаюына, әлеуметтік саланың жақсаруына және елдегі өмір сүру сапасын жақсартуға әкеледі. Бүгінгі таңда Қазақстан экономиканың әрбір секторында бірте-бірте инновацияларды енгізе бастап, инновацияларды дамыту мен қолданудың әртүрлі стратегиялары мен бағдарламаларын қабылдап, әсіресе туризм индустриясында жаңа экономикалық серпіліс көрсетуде. Барлық ұмтылыстар болашақта халықаралық туризмнің жергілікті және шетелдік тәжірибеде көптеген өзгерістерге ұшырайтынын болжатады.

**Кілт сөздер:** кіру туризмі, шығу туризмі, саяхат, капитал, инвестиция, туристік ресурс, іскерлік туризм, туристік объект.

**Кіріспе.** Қазақстандағы туризм экономикасы басты салалардың бірі ретінде, туристік өнімге қызығушылықтың артуы және туристердің санының өсуі нарықтың кеңеюіне ықпалын тигізеді.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бері халықаралық туризм қарқынмен даму көрсеткіші біртіндеп жоғарылау үстінде. Еліміздегі халықаралық туризм мыналарды қамтиды:

- Қазақстан аумағында тұрақты тұрмайтын адамдардың саяхаттау түсінігі келу туризмі;

- Қазақстан азаматтарының басқа елге саяхаттау түсінігі шығу туризмі;

- сапар қағидатына байланысты туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында туризм бағыттарын ажырату;

- сапар барысында туристердің өздерінің қағидаттары бойынша және мәртебесіне байланысты туристік бағыттарын ажырату.

**Зерттеу нысаны.** Қазақстан кіру және шығу туризмінде экспорттау үлесі 20% құ-

рап отыр. Жалпы айтқанда Қазақстандағы туризм, елдің дамуының бесінші бағыттарының бірі болып табылады. Туризмнің бұл түрін дамыту мақсатында елімізде түрлі іс шаралар өткізіліп жатыр. Алайда, елімізде кіру туризміне қарағанда шығу туризмі басымырақ. Дегенмен, елімізде туристік әлеуеті айтарлықтай туристік бағыттарды сату бойынша елімізде 500-ге жуық туристік фирмалар жұмыс жасайды, олардың жартысы 80-ге жуық елдердің туристік фирмаларымен келісім шарт жасасқан [1].

2017 жылы елімізде EXPO-2017 көрмесі өткен болатын. Соның арқасында елге келген туристер саны едәуір өскен болатын. Соған орай Қазақстан билігі 32 елге визасыз кіру режимін енгізді. Визасыз кіру режиміне енген мемлекеттер: Жапония, Израиль, Чили, Түркия, Сингапур, БАӘ және Еуропаның біршама елдері кірген болатын.

Туризм индустрия комитетінің жалпы дерек көздері бойынша 2017 жылы Қазақстандағы жалпы ішкі өнімнің көрсеткіші 1% ды құрады [2].

**Зерттеу әдістемесі.** Қазақстандықтар туристік мақсатта көп баратын елдер: Ресей, Қытай, Корея, Түркия, БАӘ, Германия, Польша, Тайланд және ТМД елдері. Ал біздің елге келетін шетелдік туристердің басым көпшілігі Ресей, Қытай, Пәкістан, Грузия және Түркия елінен келеді.

Қазақстанға келген шетелдік туристер үшін негізгі 5 үздік бағыттар бар. Оларды айта кетер болсақ Алматы қаласы, Алматы облысы, Астана, Бурабай курорттық аймағы, Түркістан және Шымкент қалалары. Шетелдік туристердің 80%-ы осы аймақтарға саяхаттарын жоспарлайды. Ал қалған 20%-ы Қазақстанның басқа да аймақтарына саяхаттайды. Сондай-ақ, тағы да саяхат жасайтын аймақтар Маңғыстау облысындағы Каспий теңізі мен Үстүрт ландшафттары және де Шығыс Қазақстан аймағындағы Алтай тауларын айта аламыз. Осы туристік аймақтарға шетелдік туристерді тарту арқылы еліміздегі туристік кәсіпорындар біршама жұмыстар атқарып жатыр [3].

Сондай-ақ, Қазақстанға келген туристердің басым көпшілігі 35 пен 45 жас аралығындағы туристер, яғни 47%-ды құрады. Ал 45-54 жас аралығындағылар 27% болды. 25-34 жастағылар 26%-ды құрады. Туристік мақсатына қарай көпшілігі жеке мақсатта келетін туристер тобы. Келушілердің сапар кезінде түнеу ұзақтылығы 5 күнге дейін созылады [4].

2019 жылдың соңы мен 2020 жылдың басында басталған, бүкіл әлемді дүрліктірген пандемияның салдарынан, туризмнің деңгейі төмендеп кетті.

Дүниежүзілік туристік ұйымның айтуынша халықаралық сапарлар саны 2019 жылдың бастапқы кезінен 2020 жылы 74%-ға қысқарды делінген болатын. 2020 жылдың ортасына қарай туристердің ағыны біртіндеп қалыпқа келе бастады. Қазақстаннан шыққан туристердің саны 123 мың адамды құрады. 2019 жылмен салыстырғанда бұл көр-

сеткіш 40%-ға аз болды.

2021 жылы әлемдегі туризмнің даму көрсеткіші жоғарылай түсті. Қазақстанда туристердің келу және шығу көрсеткіші өз орнына келді. Сондай-ақ, орналастыру орындарында шетелдік туристерге қызмет көрсету деңгейі 2020 жылмен салыстырғанда екі есеге жоғары болды [5].

Шетелдік қонақтардың орналастыру орындарында тұрақтанғаны туралы есептерді алу бойынша e-Qонақ порталын қолданды. e-Qонақ өзекті ақпаратты, статистикалық ақпаратты нақты әрі дәлелдеп көрсетеді.


e-Qонақ ақпараттық жүйесі көмегімен келген туристердің, орналасқан орындарының тізімін құруға, туристердің жеке мәліметтер туралы ақпарат алуға және де келіп-кеткені туралы ақпараттарды өңдеуге мүмкіндік береді.

2022 жылы жүйеге тіркелгендердің ішінде көш бастап тұрған аймақтар Алматы және Астана қалалары. Жүйенің басты пайдасының бірі, ҚР Ішкі істер министрлігіне туристердің орналастыру орындарына барғаны туралы ақпаратты хабардар етіп отырады. Жүйе өз жұмысын бастаған сәттен бастап жалпы саны 677 741 туристер тіркелген.

2020 жылдың қараша айынан, 2021 жылдың қазан айына дейінгі уақытта 1150 орналастыру орындарында, тіркелген туристер саны 61 586. Жүйенің арқасында аймақтағы туристердің қандай мақсатта келгенін анықтауға болады [6].

2022 жылы Қазақстандағы кіру туризмінің көрсеткіші өз қалпына келді. Қалпына келуіне екі фактор әсер етті. Пандемияға байланысты карантиндік шектеулер біржолата алынып тасталды. Екіншісі Украина мен Ресей арасындағы қақтығыстың әсерінен туристердің елге келуі [7].

Елге кірген туристердің сапар мақсатына байланысты, жеке мақсатта – 68,6%, ал кәсіпкерлік мақсатта – 31,4% құрап отыр.



1-сурет – e-Qонақ порталы арқылы тіркелген шетелдік туристер пайыздық көрсеткіші Ескертпе – мәліметтер [6] негізінде автормен құрастырылған

Олардың шығыстарының негізгі бағыттары көлік шығысы 58,6%, тауарларды сатып алуға 13%, тамақтануға 10,5%, орналасу орындарында тұрақтауға 10,7% және сауықтыру емделу бойынша 1,6% келеді.

Қазақстан 2021 жылы дүниежүзілік экономикалық форум бойынша, туризмді дамытудың жаһандық рейтингінде 117 елдің ішінен 66 орынға ие болған. Бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда 14 орынға жоғары болған.


Қазақстанда туристік әлеуеті әлемдік рейтинг бойынша көрсеткіштері:

- Маусымына байланысты халықаралық келу 26 орында;
- Шетелдік туристердің тұрақтауының ұзақтығы бойынша 52 орында;
- ЮНЕСКО құрамындағы мәдени объектілер бойынша 42 орында;
- Қызықты әрі көрікті жерлер бойынша 37 орында.


Сондай-ақ, туризм саласының басымдылығы бойынша 68 орында, белгілі бір уақыт аралығында визасыз режимде болып, халықаралық ашықтық бойынша 113 орында, туристік қызметтер инфрақұрылымы бойынша 76 орында, қауіпсіз елдер қатарында 77 орында.

Туризмнің тұрақты дамуы бойынша Euromonitor International рейтингінде Қазақстан 99 елдің ішінде 62 орынға ие болды. Алдыңғы орындарды алып отырғандар Швеция, Финляндия, Австрия елдері. Соңғы орындарда Пәкістан және Үндістан елдері.

Бүгінде Қазақстан ТМД-ға қол жеткізу бойынша мониторинг жүйесінде 280 индикаторды қамтыды. Оның ішінде 205 жаһандық, 75 ұлттық индикаторды қамтиды. Соның ішінде екі жаһандық индикатор туризмге қатысы бар. Олар ЖІӨ-нің туризмдегі үлесі және туризмде экономикалық және экологиялық сипаттамаларын қадағалау бойынша



**2-сурет – е-Қонақ Шетелдік туристерді тіркеу бойынша алда тұрған аймақтар, 2022 жыл**  
*Ескертпе – мәліметтер [6] негізінде автормен құрастырылған*



**3-сурет – Мақсатына қарай кіру туризмінің пайыздық көрсеткіші**  
*Ескертпе – мәліметтер [4] негізінде автормен құрастырылған*

стандартты енгізу.

2021 жылы туризм саласын дамыту мақсатында негізгі капиталына 564 млрд теңге инвестицияланды. Елдегі туризм саласын дамыту әлеуметтік экономикада өте маңызды орын алады. Осы туризм саласын инвестициялау туралы Парламент отырысында біршама ұсыныстар айтылды. Ұсыныста туристік саланы жоба ретінде танып, бөлінетін қаражат мөлшеріне 2 млн АЕК-тен 200 мың АЕК-ке төмендетуді ұсынды. Бұл дегеніміз инвестициялық жобаның мүмкіндіктерін кеңейтуге серпінін тигізеді. Туристік саланы қаржыландырғаны үшін инвесторлар баждар мен импортқа қосылатын құн салығы мен жер салықтарынан 10 жылға дейін босатылады, және де оларға заттай гранттар беріледі [8].

Қазақстанда кіру және шығу туризмін салыстырмалы түрде сипаттар болсақ, шығу туризмі әлдеқайда басымырақ болып келеді. Себебі отандық туристер жаз шыға салысымен, басқа елдердегі туристік ресурстарға саяхаттауға барады. Әсіресе жағажай маусымы басталғанда туристердің елден шығу деңгейі жоғарылай түседі. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ елдегі кіру туризміне қарағанда шығу туризмі басымырақ.

Статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, 2016 жылы Қазақстаннан туристердің саны 9,76 млн адамды құраған болатын. 2015 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 13,7%-ға аз болды. Сол жылдары елдегі туристердің көпшілігі ТМД елдеріне, БАӘ және Түркияға көп сапар шеккен болатын. 2016 жылы туристердің шығу деңгейі өткен жылмен салыстырғанда төмен болуы, валюта бағамының күрт өзгеруі себепкер болды. Кеткен шығындар мен шыққан туристердің алдыңғы жылмен салыстырғанда төмен болуы, шетелдегі орналастыру орындарының, демалыс аймақтарының бағасының жоғарылауы себепкер болды. Демалыс құны бір


адамға шаққанда 144,9 мың теңгені құрады. Бұл дегеніміз 2015 жылмен салыстырғанда 46%-ға жоғары болды.

Ал 2017 жылдағы туристердің шығу көрсеткішімен салыстырар болсақ 2016 жылға қарағанда жоғары болған. 2017 жылы туристер саны 10 млн болған. Қазақстанға 2016 жылғы келген туристердің көрсеткіштеріне келер болсақ 2015 жылмен салыстырғанда, көрсеткіш бір-біріне ұқсас келді.

2016 жылы келген туристермен салыстырғанда 20%-ға жоғары болды. Алайда, 2015-2016 жылдары Қазақстанға келген туристер 7%-ға қысқарған болатын. Қазақстанға туристерді арттыру мақсатында, елдегі орналастыру орындарының санын арттырды. Экспо көрмесі Астанада өткендіктен, қала әрбір шетелдік туристер үшін сұранысқа ие қаланың бірі болды. Алайда, экспо көрмесі аяқтала салысымен туристердің көлемі 40%-ға, ал орналастыру орындары 58%-ға қысқарды [9]. Туристер тек көрмеге ғана емес, елдің ішіндегі басқа да демалыс орындарына саяхат жасады. Мысалы айтар болсақ, Қарқаралы туристік аймағын алайық. Онда туристердің келу көрсеткіші 16 мың адамды құрады.

2017 жылы көршілес елден келген туристердің көлемі 88%-ды болды, қалған басқа елдерден келгендер 12%-ды құрады. Өзбекстаннан келгендер 43,4%, Ресейден 22,2%, Қырғызстаннан 16,5%, Тәжікстаннан 5%-ды құрады.

Статистикалық көрсеткіштер бойынша 2018 жылға назар аударар болсақ, 2017 жылмен салыстырғанда, шамамен Өзбекстаннан келгендер 7,9%-ға ұлғайған. Ал Қырғызстан (1,6%), Ресей (20,5%), Тәжікстан (1,7%) елдерінен келу көрсеткіші 2017 жылға қарағанда біршама төмен. Ал қалған басқа да елдерден келген туристер 13%-ға артқан. Алайда, шығу туризмімен салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, қазақстандық



**4-сурет – Кіру және шығу туризмі бойынша келушілер саны**  
*Ескертпе – мәліметтер [4] негізінде автормен құрастырылған*

туристердің басқа елдерге шығуы екі жылда да жоғары болған.

2019 жылы Қазақстанға келген туристер саны 2018 жылғы туристермен салыстырғанда 358 702 адамға қысқарған. Туристердің аз болу себебі елде болып жатқан экономикалық жағдайдың біраз әлсіреуі.

2020 жылдың үш тоқсанында да елге келген туристер өткен жылмен салыстырғанда, 1,8 млн адамға төмендеген. Ал елден шыққан туристердің көлемі 2,4 млн адамды құраса, 2019 жылмен салыстырғанда 3,4 есеге аз болды.

2021 жылы елге кірген туристердің жалпы саны, 2020 жылмен салыстырғанда 34,6%-ға төмен болды. 2019 жылмен салыстырғанда 6 есеге төмен болды. Бұл жолы да келген туристердің аз болуы, жоғарыда айтып өткендей елдердегі шекараны кесіп өтуге байланысты аз болды.


**Нәтижелер және оларды талқылау.**

Елге келген шетелдік туристердің 50%-ы Алматы қаласына, 30%-ы Астана қаласына, қалған 20%-ы басқа қалаларға барады.


Қазақстандық туристердің елден шығуы 2020 жылғы көрсеткішке қарағанда 22%-ға жоғары болды. Отандық туристердің көпшілігі сол жылы Египет, Түрция, БАӘ, Грузия елдеріне саяхат жасай алды. Ал Еуропа, Қытай және Оңтүстік Азия елдеріне саяхат жасау төмен деңгейде болды.

Қазақстаннан кейін соңғы орында Иран елі алып отыр. Туризм бойынша көш бастап тұрған елдер Италия, Испания, Франция елдері тұр [9].

Туристердің мақсаттарына байланысты, кіру туризмі 5 жылдық көрсеткіш бойынша, жеке мақсатта шетелдік туристер көп келген. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ жеке мақсатта келген 2017 жылы 6,5 млн



**5-сурет – Кіру туризмі бойынша келушілер саны**  
 Ескертпе – мәліметтер [4] негізінде автормен құрастырылған



**6-сурет – Шығу туризмі бойынша туристердің саны**  
 Ескертпе – мәліметтер [4] негізінде автормен құрастырылған


адам болса, 2018 жылы 7,5 млн болған. Ал 2019 жылы өткен жылмен салыстырмалы түрде қарайтын болсақ 500 000 мың адамға кем болған.

2020 жылы елге келген туристердің 68,9%-ы жеке мақсатта келсе, іскерлік және кәсіби мақсатта 31,6%-ды алып отырды. Сондай-ақ, туристердің 38%-ы Қазақстандағы көрікті жерлерге баруды дұрыс санады, 17%-ы сауда жасаса, 16%-ы түрлі мерекелер мен іс-шараларға барған.


2020-2021 жылдары пандемияға байланысты жеке мақсатта келгенде өте аз болды. Қарап отырсақ елімізде шетелдік туристерді тартатын ресурстар жетерлік, алайда,

туристік мақсатта келген адамдардың саны әлдеқайда аз. Жылдық қорытындылар бойынша туристік мақсатта келген туристер ең көбі 2017 жылы келген.

Шығу туризмі де кіру туризмі секілді жеке мақсатта шыққан туристер саны бір-бірімен сәйкес келеді. Алайда, елден жеке мақсатта шыққан туристер саны кірген туристерге қарағанда 1 млн туристке артық. 2019 жылы жеке мақсатта және іскерлік кәсіби мақсатта шыққан туристер саны жоғары болған. 2021 жылы туристік мақсатта елден көп адам сапар шеккен. 2017 жылы басқа жылдармен салыстырғанда транзиттік мақсатта шыққан туристер жоғары болған [10].



**7-сурет – Адамдардың мақсаты бойынша кіру туризмі**  
 Ескертпе – мәліметтер [4] негізінде автормен құрастырылған



**8-сурет – Адамдардың мақсаты бойынша шығу туризмі**  
 Ескертпе – мәліметтер [4] негізінде автормен құрастырылған

**Қорытынды.** Шығу туризмі барысында туристер жұмсаған шығындарға келер болса, 2019 жылы 294 млрд теңге болды. 2020 жылы шығын екі есеге қысқарып 107 млрд теңгені құрады. Шетелге шығу барысында туристер естелік ретінде немесе өздерінің қажеттіліктеріне біршама қаражат жұмсап тастайды.

Мысалы айтар болса, жалпы туристер жеке дара тауарларды сату алу барысында 15 млрд теңге жұмсайды. Оның ішінде киімдерге 7,2 млрд теңге, кәдесыйларға 3,8 млрд теңге, техникаға 1,3 млрд теңге және басқа тауарларға 2,9 млрд теңге жұмсалады.

Кесте бойынша талдайтын болсақ 2022 жылы келген туристер саны 5 468 054 адамды құраған. Аймақтар бойынша туристердің ең көп келген көрсеткіші Алматы қаласы – 1 809 368 адам, Астана қаласы – 1 178 404 адам, Шымкент қаласы – 448 797 адамды құраған. Резидент емес көрсеткіші жалпы саны – 927 844 адам. Соның ішінде РФ-ның үлесі – 55% (509 463 адам), Түркия Республикасының үлесі – 6,4%, (59 843 адам),

ҚХР-ның үлесі – 4,9% (45 215 адам), Өзбекстан Республикасының үлесі – 3,1% (28 549 адам), АҚШ-тың үлесі – 2,9% (27 095 адам), Үндістанның үлесі – 2% (18 997 адам), Германияның үлесі – 1,9%, (17 524 адам), Қырғызстан Республикасы үлесі – 1,8% (17 044 адам), Біріккен Корольдіктің үлесі – 1,7% (16 095 адам), Францияның үлесі – 1,2% (10 925 адам) құрайды. Туристерге көрсетілген қызмет көлемі +168% (182 865 265,7 млрд тг) көлемінде жоғарылаған.

Қазақстанға келген туристер саны жылдан жылға артып келеді. Туристік ресурстар мен туристерге көрсетілетін қызметтер көлемінің сапалы болуы әрбір келген туристке өте маңызды. Турист өзінің жайлылығына байланысты туристік орындарды таңдау арқылы өз бағасын береді. Қазақстанға келген әрбір турист елдің туристік жағдайына және көрсетілетін қызмет сапасына қарап саяхатын жоспарлайды. Осыған байланысты мемлекет тарапынан туризм саласын халықаралық деңгейге жеткізу мақсатында қарастырды.

**Қазақстан Республикасы бойынша келушілердің саны (2022 жыл)**

№	Аймақтар атауы	Жалпы келушілер саны	Өсім реті	Оның ішінде	
				Резиденттер	Резидент еместер
	Қазақстан Республикасы	5 468 054			
1	Астана қаласы	1 178 404	2	939 894 (2)	238 510 (2)
2	Алматы қаласы	1 809 368	1	1 392 015 (1)	417 353 (1)
3	Шымкент қаласы	448 797	3	412 268 (4)	36 529 (4)
4	Абай	269 360	10	264 830 (10)	4 530 (16)
5	Ақмола	443 184	4	427 212 (3)	15 972 (9)
6	Ақтөбе	186 637	14	155 037 (14)	31 600 (5)
7	Алматы	354 842	6	351 677 (5)	3 165 (17)
8	Атырау	160 149	15	137 004 (15)	23 145 (7)
9	Батыс Қазақстан	101 276	18	87 623 (19)	13 653 (11)
10	Жамбыл	135 712	17	132 840 (17)	2 872 (18)
11	Жетісу	325 723	7	323 521 (7)	2 202 (19)
12	Қарағанды	305 199	9	289 392 (8)	15 807 (10)
13	Қостанай	228 496	12	199 909 (12)	28 587 (6)
14	Қызылорда	100 492	19	95 532 (18)	4 960 (15)
15	Маңғыстау	310 217	8	268 879 (9)	41 338 (3)
16	Павлодар	191 712	13	180 731 (13)	10 981 (12)
17	Солтүстік Қазақстан	146 163	16	135 788 (16)	10 375 (13)
18	Түркістан	253 454	11	245 667 (11)	7 787 (14)
19	Ұлытау	25 658	20	25 009 (20)	649 (20)
20	Шығыс Қазақстан	360 319	5	342 490 (6)	17 829 (8)

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Б.Т. Тажиева XXI ғасырдағы Қазақстан Республикасы туризмінің даму тенденциялары мақаласы [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: 197-201.pdf (bsu.by).
2. «Туризм және саяхат Қазақстанның халықаралық көрмесі» Kitf сайты [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: KITF – 2022.
3. Келу туризмі: неге Қазақстанға бармайды? [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: Въездной туризм: почему не едут в Казахстан? (azattyq.org).
4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: Ұлттық статистика бюросы (stat.gov.kz).
5. UNWTO: әлемдегі туристер саны 74%-ке азайды [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: UNWTO: количество туристов в мире сократилось на 74% | Ассоциация Туроператоров (atorus.ru).
6. eQonaq ақпараттық жүйесі 2022 жыл [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: Специализированная информационная система «eQonaq».
7. Пандемиядан кейін Қазақстанда туризмді дамыту – 2022 жылдың алғашқы алты айының қорытындысы [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: Развитие туризма в Казахстане после пандемии – подведены итоги первых шести месяцев 2022 года. Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан (primeminister.kz).
8. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы – «Әділет» АҚЖ (zan.kz).
9. Новые технологии в туризме 2021 жыл 28 қазан [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ТУРИЗМЕ. 28.10.2021 (hotelier.pro).
10. Дополненная реальность и туризм: новый опыт путешествий. 15 июня, 2022 [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: Augmented reality and tourism: the new travel experience – Onirix.

**Состояние туризма Казахстана в цифровой экономике**

<sup>1</sup>**БОРБАСОВА Зияда Назибековна**, д.э.н., профессор, borbasova@mail.ru,

<sup>1</sup>**\*ОМАРОВА Айғаным Сапарқызы**, докторант, aiganym128@mail.ru,

<sup>1</sup>**УЛАКОВ Назар Сайранович**, к.э.н., доцент, nazar-123@mail.ru,

<sup>1</sup>Карагандинский университет Казпотребсоюза, ул. Академическая, 9, Караганда, Казахстан,

\*автор-корреспондент.

**Аннотация.** Рассматриваются некоторые тенденции развития сферы туризма в условиях цифровой экономики. Туристическая индустрия считается одной из наиболее прибыльных отраслей экономики в мире, и с каждым годом ее влияние на экономику страны все более усиливается. В последнее время на развитие туристического бизнеса большое влияние оказывают интернет-технологии и все чаще во всемирной паутине можно найти разнообразные сайты (веб-страницы), посвященные развитию туристической индустрии, туристическим фирмам, агентствам, а также санаториям, пансионатам, отелям. Развитие цифрового туризма связано с тем, что сегодня мировое сообщество невозможно представить без разнообразных портативных технических средств. Развитие туризма на территории Республики Казахстан позволит решить ряд важных задач, таких как увеличение туристического потока, что приведет к увеличению денежного потока, улучшит социальную сферу и повысит качество жизни в стране. Сегодня Казахстан является новым экономическим подходом прорыва, постепенно начинает внедрять инновации в каждую отрасль экономики, принимает различные стратегии и программы по развитию и применению инноваций, и особенно в туристической отрасли.

**Ключевые слова:** въездной туризм, выездной туризм, путешествия, капитал, инвестиция, туристский ресурс, деловой туризм, туристский объект.

### **The State of Tourism in Kazakhstan in the Digital Economy**

<sup>1</sup>**BORBASOVA Ziyada**, Dr. of Econ. Sci., Professor, borbasova@mail.ru,

<sup>1</sup>\***OMAROVA Aiganym**, Doctoral Student, aiganym128@mail.ru,

<sup>1</sup>**ULAKOV Nazar**, Cand. of Econ. Sci., Associate Professor, nazar-123@mail.ru,

<sup>1</sup>Karaganda University of Kazpotreboysuz, Akademicheskaya Street, 9, Karaganda, Kazakhstan,

\*corresponding author.

**Abstract.** Some trends in the development of tourism in the digital economy are considered. The tourism industry is considered one of the most profitable sectors of the economy in the world, and every year its influence on the country's economy is increasing. Recently, the development of the tourism business has been greatly influenced by Internet technologies, and more and more often on the World Wide Web you can find a variety of sites (web pages) dedicated to the development of the tourism industry, travel companies, agencies, as well as sanatoriums, boarding houses, hotels. The development of digital tourism is due to the fact that today the world community cannot be imagined without a variety of portable technical means. The development of tourism on the territory of the Republic of Kazakhstan will solve a number of important tasks, such as increasing the tourist flow, which will lead to an increase in cash flow, improve the social sphere and improve the quality of life in the country. Today, Kazakhstan is a new economic breakthrough approach, gradually starting to innovate in every sector of the economy, adopting various strategies and programs for the development and application of innovations, and especially in the tourism industry.

**Keywords:** inbound tourism, outbound tourism, travel, capital, investment, tourist resource, business tourism, tourist object.

### **REFERENCES**

1. B.T. Tajieva HHI gasyrdagy Qazaqstan Respublikasy turizminin damu tendensialary maqalasy [Elektrondy kor]. – Kiru tartibi: 197-201.pdf (bsu.by).
2. «Turizm jane saiahat Qazaqstannyn halyqaralyq kormesi» Kitf saity [Elektrondy kor]. – Kiru tartibi: KITF – 2022.
3. Kelu turizmi: nege Qazaqstanga barmaidy? [Elektrondy kor]. – Kiru tartibi: Vezdnoi turizm: pochemu ne edut v Kazahstan? (azattyq.org).
4. Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jane reformalar agenttigi Ûlttyq statistika burosy [Elektrondy qor]. – Kiru tartibi: Ûlttyq statistika burosy (stat.gov.kz).
5. UNWTO: alemdegi turister sany 74%-ke azaidy [Elektrondy kor]. – Kiru tartibi: UNWTO: kolichestvo turistov v mire sokratilös na 74% | Assosiasia Turoperatorov (atorus.ru).
6. eQonaq aqqarattyq juiesi 2022 jyl [Elektrondy kor]. – Kiru tartibi: Spetsializirovannaia informacionnaia sistema «eQonaq».
7. Pandemiadan keiin Qazaqstanda turizmdi damytu – 2022 jyldyn algashky alty ainyyn korytyndysy [Elektrondy kor]. – Kiru tartibi: Razvitie turizma v Kazahstane posle pandemii – podvedeny itogi pervyh sestı mesasev 2022 goda. Ofisialnyi informacionnyi resurs Premier-Ministra Respubliki Kazahstan (primeminister.kz).
8. Qazaqstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2023-2029 jyldarga arналган tujyrymdamasy [Elektrondy kor]. – Kiru tartibi: Qazaqstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2023-2029 jyldarga arналган tujyrymdamasy bekıtu turaly – «Adilet» AQJ (zan.kz).
9. Novye tehnologii v turizme 2021 jyl 28 qazan [Elektrondy kor]. – Kiru tartibi: NOVE TEHNOLOGII V TURIZME. 28.10.2021 (hotelier.pro).
10. Dopolnennaia realnost i turizm: novyi opyt puteşestvi. 15 iuna, 2022 [Elektrondy kor]. – Kiru tartibi: Augmented reality and tourism: the new travel experience – Onirix.